

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаменті» мемлекеттік мекемесінің 31.10.2022ж №17-12-04-6/1730 қатынас хатқа сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2022 жылдың 26-31 қазан күндері жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2022 жылғы 31 қазандағы №142 хаттамалық шешіміне сәйкес.

Кемшіліктер мен ұсыныстар:

1. Оқу жоспарының базалық мазмұнында жас ерекшелігіне сай вариативтік компоненттердің атауларын көрсету.

2. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының музыка және орыс тілі мамандарының перспективалық жоспарын, циклограммасын Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарының оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттағы үлгіге сай жасақтау.

3. Кіші топқа түсірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің бейне жазбаларын үлгілік оқу жоспарын сәйкес ұсыну.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012ж «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» 557 бұйрығымен бекітілген қосымшасы талабына (12.05.2022ж №195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес оқу жоспарының базалық мазмұнының түсінік хатына ортаңғы және ересек топтарының вариативтік компоненттердің атаулары 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына көрсетіліп жазылды.

2. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының музыка және 2020-2021, 2021-2022 орыс тілі мамандарының перспективалық жоспарын, циклограммалары жасалып, бекітіліп ұсынылып отыр.

2022-2023 оқу жылының «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары, циклограммасы төмендегі құжаттарды басшылыққа ала отырып жасалды.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларының бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрі 2022 жылға 14 қазандағы № 422 бұйрығы
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы. Әдістемелік нұсқау хат.

3. Ұйымдастырылған іс-әрекет: «Қыстап қалатын құстар» Кіші топ.

Міндеттері: Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру. (жүру, жүгіру, тепе-теңдікті сақтау). Күн сайын ойын түрінде сөйлеуді дамыту. Түрлі сенсорлық әсермен байыту. Күн сайын сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыкаға деген қызығушылығын арттыру.

Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) бақылау.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтың ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Тәрбиеші Мырзабек Жұлдыз балаларды қабылдау барысында үш құстың біреуін таңдату арқылы балаларға құстың ұшу қимылын дауысын салуды үйретті. Саз бөлмесінде «Құстар қанат қағады» таңертеңгі жаттығу жасалды. (Физикалық қасиеттер, шығармашылық дағды) бұл жерде балалар музыкаға және жалпы дамытушы жаттығуларға деген қызығушылығын оятты.

Дене шынықтыру ҰІӘ жалпы дамыту жаттығуларынан басталып, ғажайып сәт ұйымдастырылды. Тауықтың келуі балалардың қызығушылығын артты, «Шөжелерім» әуенімен бірге жүгіру: бірқалыпты, шашырап, әртүрлі қарқынмен және кейіпкерлердің қимылдарын (күс ұшады) көрсете білді. Әрі қарай тауықтың алып келген тапсырмаларды орындау мақсатында «Құстарды қоректендір» ойыны ойналды. Бұл жерде балалар жол бойында жатқан құрттарды жинап және тепе-теңдікті сақтап құстарды тамақтандырды. Тәрбиеші балаларды орманға серуенге шақырды, ол үшін сиқырлы сөздерді айтып, көздерін жұмып айналу арқылы серуенге шығарылды. Далада балаларға құстар туралы мәлімет берілді. Педагогтың көмегімен шағын тақпақты қайталады.

(коммуникативтік дағды). Балалар қолдарымен құстарға жем берді. Сиқырлы сөздерді айту арқылы балабақшаға оралады. Тауықтың тапсырмасы «түсі,көлемі, пішіні» дидактикалық ойыны ойналды. Бұл ойында балалар түсі, пішініне, көлеміне қарай құстарды үйшікке орналастырды. (танымдық дағды, жапсыру дағды). Тауық бүгінгі күні қызықты өткенін айтып балаларға рахметін айтып қоштасып шығып кетеді. Теледидардан құс сөйлейді, балалар таң қалады, қысқа азық керек екенін айтып көмек сұрайды. Балалар көмектесу үшін тәрбиешімен бірге парақ бетіне топ болып саусақ ұштарымен (сурет салу)сары түсті пайдалану арқылы жемнің пішінін салады. Ермексазды алып үлкен бөліктерден бөлу арылы кішкенай бөліктерден жем пішінін жасады. (Мүсіндеу)

ҰІӨ-тін сұрақ-жауап және «Үш шапалақ» әдісі арқылы қорытындылады.